«8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ақжігітова Аққибат Орақбайқызының «Қазақ сөзжасамындағы заттану: семантикалық-коммуникативтік аспект» тақырыбындағы диссертациясының

АҢДАТПАСЫ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазіргі қазақ тіл білімінде сөзжасам жүйесі – тілдің ішкі даму заңдылықтарын айқындайтын жетекші салалардың бірі. Әрбір тілдің сөздік қоры, сөз байлығы сол тілдің сөзжасам жүйесі арқылы толығып, дамып отырады. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі жан-жақты зерттеліп, тіл білімінің жеке, дербес саласы болып қалыптасты. Бұған соңғы жылдары ерекше көңіл бөлініп келеді.

Қазақ сөзжасамындағы заттану құбылысы – тілдің динамикалық сипатын, лексика-грамматикалық категориялар арасындағы өзара байланысты және мағыналық дамудың күрделілігін айқын көрсететін үдеріс. Осыған байланысты заттану мәселесі қазақ тіл білімінде морфология, синтаксис және сөзжасам шеңберінде әр қырынан қарастырылып келгенімен, бұл құбылыстың семантикалық дамуы мен коммуникативтік қызметі арнайы әрі кешенді түрде қарастырылмаған.

Зерттеу жұмысымызда қазақ сөзжасамындағы заттану үдерісі семантикалық және коммуникативтік аспектіден қарастырылды. Атап айтқанда, сын есім, етістік, сан есім, есімдік, үстеу, еліктеу сөздер мен одағайлардың заттану ерекшеліктері зерттелді. Заттану арқылы пайда болған сөздер атау теориясы тұрғысынан зерттеліп, олардың заттану дәрежесі анықталды. Диссертация жұмысында жалпы 2269 заттанған бірлік талданды. Оның ішінде сын есімдерден жасалған заттанған сөздер 48 пайызды құраса, етістіктен жасалған заттанған сөздер 37 пайызын құрады, ал басқа сөз табынан заттанған тілдік бірліктер 15 пайызды құрады.

Зерттеудің өзектілігі. Қазақ тіліндегі заттану құбылысы көбіне сын есім мен есімшенің аясында ғана немесе синтаксистік тәсіл ретінде сипатталып келді. Ал заттану үдерісінің нәтижесінде пайда болған бірліктердің мағыналық құрылымы мен мәтіндік қолданыстағы қызметі екінші кезекте қалып отыр. Тілдің қазіргі функционалдық парадигмасы тұрғысынан сөзжасамдық бірліктердің тек құрылымдық емес, семантикалық және коммуникативтік қырларын қатар қарастыру – өзекті ғылыми мәселе. Бұл заттанған тілдік бірліктердің мағыналық аясын жан-жақты түсіндіруде маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар қазіргі қазақ тілінің қоғамдық-коммуникативтік кеңістігінің кеңеюі, ғылыми, публицистикалық және көркем мәтіндердегі тілдік бірліктердің қызметінің күрделене түсуі заттану құбылысының функционалдық мүмкіндіктерін жаңа қырынан пайымдауды талап етеді. Заттанған сөздер мен тіркестердің мәтін түзудегі, номинациялық және референциялық қызмет атқарудағы рөлі семантикалық және

коммуникативтік аспектілердің тоғысында айқындалады. Алайда бұл мәселелер қазақ сөзжасамы аясында жүйелі талданып, кешенді түрде зерттелген жоқ. Сондықтан бұл тақырып диссертация жұмысының өзектілігін көрсетеді.

Осы тұрғыдан алғанда, қазақ сөзжасамындағы заттану құбылысын семантикалық-коммуникативтік аспектіде арнайы зерттеу тіл біліміндегі теориялық мәселелердің орнын толықтыруға, сондай-ақ сөзжасамдық процестерді функционалдық бағытта тануға мүмкіндік береді. Мұндай зерттеу нәтижелері қазақ тілінің сөзжасам жүйесін антропоөзектік және функционалдық парадигмалар аясында түсіндіруге негіз болып, тілдік бірліктердің мағынасы мен қолданысы арасындағы өзара байланысты айқындауға септігін тигізеді. Сондықтан диссертациялық жұмыстың тақырыбы қазіргі қазақ тіл білімінің өзекті ғылыми мәселелерінің қатарынан орын алады.

Қазіргі кезеңде тіл білімінде ұлттық таным мен ұлттық рухты тануға бағытталған зерттеу жұмыстары көптеп кездеседі. Алайда тіл білімінде басы толық ашылмаған мәселелер де баршылық. Осындай жеткілікті деңгейде қарастырылмаған мәселелердің бірі – қазақ сөзжасамындағы заттану құбылысын жан-жақты қарастыру. Бұл зерттеу жұмысында заттанған сөздердің және олардан жасалған атаулар жүйесінің қалыптасуы, дамуы халық танымы мен рухани-материалдық мәдениетінің негізінде қарастырылады.

Қазақ тіл білімінде заттану үдерісіне қатысты алғашқы пікірлер А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, А.Ысқақов, Ә.Төлеуов, Ж.Шәкенов, Р.Әмір, Р.Сыздық, Н.Оралбаева, А.Салқынбай, Б.Қасым зерттеулерінен бастау алады. Басқа тілдердегі сияқты қазақ тілінде де заттану үдерісінің жат емес екендігі ғалымдар тарапынан аталып жүргенімен, оны арнайы зерттеген ғылыми еңбектер аз. Алайда заттану үдерісін ғылыми еңбегіне негізгі тақырып ретінде арқау еткен ғалымдар да жоқ емес. Солардың ішінде М.Матжанова, Ж.Амирова, С.Саменова зерттеулерін атап айтқанымыз жөн. Бұл еңбектерде де заттану құбылысы есімше мен сын есімнің заттануы төңірегінде зерттелген. Ал сын есім мен есімшеден басқа сөз таптарының заттануы, заттанған сөздердің семантикалық табиғаты, олардың коммуникативтік аспектіде қарастырылуы назардан тыс қалған.

Кейінгі жылдары сөзжасам саласы құрылымдық грамматикадан бөлек қарастырыла бастағандықтан, заттану құбылысы зат есім сөзжасамының бір тәсілі ретінде танылды. Бүгінде тілімізде қолданылу аясы өте кең, тілге ену тарихы әріде жатқан бұл үдерістің теориялық тұрғыдан негізделуінің жеткіліксіз болуы – осы мәселені әлі де толыстырудың, зерттей түсудің қажеттілігін көрсетеді. Демек, қазақ сөзжасамындағы заттану үдерісін семантикалық және коммуникативтік аспектіде қарастыру – бүгінгі күн талабынан туған өзекті мәселелердің бірі.

Зерттеудің нысаны. Заттанған сөздердің семантикалық табиғаты және олардың коммуникативтік қызметі.

Зерттеудің пәні. Қазақ тіліндегі заттану үдерісі арқылы жасалған атаулар мен уақытша (контекстік) заттанған сөздер.

Зерттеудің мақсаты. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – қазақ сөзжасамындағы заттанған сөздердің мағыналық даму ерекшеліктерін, толық заттану мен контекстік заттанудың айырмасын семантикалық тұрғыдан талдап, қазіргі қолданыс аясын коммуникативтік аспектіде зерттеу.

Зерттеудің міндеттері. Зерттеу жұмысының алдына мынадай міндеттер қойылды:

– қазақ сөзжасамындағы заттану үдерісінің пайда болу, даму жолдарын айқындау арқылы зат есімнен басқа сөз таптарының заттану деңгейін анықтау;

– әртүрлі сөз таптарынан пайда болған атауларды талдау арқылы олардың ішкі мағыналық құрылымын ашу;

– заттанған сөздерді топтастырып, семантикалық модельдерге жіктеу;

– заттанған сөздердің заттану дәрежесін анықтап, уақытша заттанған сөздердің коммуникативтік сипатын ашу;

– әртүрлі мәтіндерде (қазақ паремиологиясында, өлең мәтіндерінде, ауызекі тілде) кездесетін окказионал, контекстік, толық заттанған сөздердің мағынасын жүйелеп көрсету;

– ЖИ мәтіндерінде кездесетін заттанған сөздердің жиілік көрсеткішін анықтау.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Жұмыстың дереккөздері ретінде жалпы тіл біліміндегі заттану теориясына қатысты айтылған пікірлер; арнайы ғылыми зерттеу еңбектер және «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (Т.Жанұзақов, 2008), «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі» (1974-1986), «Абай тілінің сөздігі» (1968), «Қысқаша этимологиялық сөздік» (1966), М.Қашқари «Диуани лұғат ат-Түрік» сөздігі (құраст. А.Егеубаев), «Бабалар сөзі» ұжымдық еңбегі, Қазақ тілінің ұлттық корпусы (https://qazcorpus.kz/), М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, С.Сейфуллин, Д.Досжан т.б. қазақ қаламгерлерінің шығармалары, ауыз әдебиетінің үлгілері, қазақтың мақал-мәтелдері, бұқаралық ақпарат құралдары мен ауызекі сөйлеу тілінің материалдары пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздері. Зерттеу жұмысында тіл ғылымындағы заттануға қатысты ғылыми пікірлер, қағидалар, теориялық ұғым-түсініктер негізге алынды. Ғылыми деректерге талдау жасалып, алынған түйіндер жұмысқа теориялық және әдіснамалық негіз ретінде пайдаланылды. Сонымен қатар жұмыста А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, А.Ысқақов, Ә.Төлеуов, Ж.Шәкенов, М.Оразов, Р.Әмір, Н.Оралбаева, Р.Сыздық, А.Салқынбай, Д.Алкебава, Б.Қасым т.б. ғалымдардың еңбектерімен қоса, М.Матжанова, Ж.Амирова, С.Саменова сынды ғалымдардың зерттеулері, сондай-ақ шетел ғалымдарынан Л.Б.Перльмуттер, И.М.Подгаецкая, Г.А. Абдурахманов, С.Д. Липкин, А.М. Барзалович, М.Ф. Лукин, В.В. Лопатин, Ф.А. Ганиев, А.А. Аймурзаева, Е.М. Хачирова, О.В. Редькина, И.В. Высоцкая еңбектері, сөзжасам, аталым,

уәждеме, семантика, функционалды грамматика, когнитивтік теорияларға қатысты ғылыми тұжырымдар басшылыққа алынды.

Зерттеудің әдістері. Зерттеу жұмысының барысында жинақтау, топтастыру, талдау, салыстыру, сипаттама әдістері қолданылды. Сонымен қатар тіл біліміндегі ғалымдардың пікірлері негізге алынып, қорыту әдісін пайдаландық. Әртүрлі дискурста кездескен заттанған сөздердің мағынасы мен қолданысындағы ерекшеліктерін талдау барысында семантикалық және контекстік талдау әдістерін қолдандық. Сондай-ақ, заттанған сөздердің қолданылу жиілігін, ерекшеліктерін бақылау мақсатында статистика әдісі де қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Зерттеу жұмысында қазақ тіліндегі заттанған сөздер және олардың негізінде қалыптасқан атаулар тұтас қарастырылып, заттану үдерісінің табиғатын ашатын негізгі белгілері айқындалып, жасалу жолдары сараланып, тілдегі қолданылу аясы анықталды. Зат есім категориясын байытудағы заттанудың атқаратын қызметі көрсетіліп, заттану үдерісінің сөзжасамдық сипаты мен коммуникативтік қызметі айқындалды. Атап айтқанда:

– қазіргі қазақ тіл біліміндегі зат есімнен басқа сөз таптарына тән тіл бірліктері талданып, олардың заттану дәрежесі анықталды;

– заттық мағынаның қалыптасуына ықпал ететін сөздің ішкі мағыналық құрылымының мәні нақты тілдік деректер арқылы сараланды;

– заттанған сөздердің семантикалық моделдері айқындалды;

– заттанған тіл бірліктерінің коммуникативті сипаты нақты сұрыпталып, алынған мысалдар төңірегінде талданды;

– түрлі қолданыста көрініс тапқан заттанған сөздердің мағынасы жүйеленді;

– жасанды интелект құрастырған ғылыми мәтіндерде кездесетін заттанған сөздердің жиілік көрсеткіші түзілді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

– Қазақ тіліндегі заттанған сөздер тілдік қолданыста жиі кездесіп, сөзжасам жүйесінде өнімді құбылыс ретінде көрінеді. Жинақталған тілдік деректер олардың атау жасау процесіндегі орнын, қалыптасу жолдарын, мағыналық аясын және қолданыс ерекшеліктерін айқындауға негіз болады. Сонымен қатар бұл материалдар заттанудың сөзжасамдық сипатын кешенді тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік береді;

– Зат есімнен өзге сөз таптарының (сын есім, етістік, сан есім, үстеу және т.б.) заттануы атаужасамда жаңа ұғымдар мен мағыналардың қалыптасуына жол ашады. Бұл құбылыс тілдің ішкі даму заңдылықтарын айқындаумен қатар, оның лексикалық құрамының толығуына да әсер етеді;

– Заттанған сөздердің барлығы атау сөз деңгейіне дейін жете бермейді. Кейбір тілдік бірліктер заттық мағынаға белгілі бір контексте ие болып, сөйлемде уақытша заттық мән үстейді. Контекстік заттану сөйлеу барысында жүзеге асып, коммуникативтік мақсатқа байланысты әртүрлі мағыналық реңктердің қалыптасуына жағдай жасайды;

– Заттану үдерісінің қалыптасуына түрлі тілдік факторлар ықпал етеді. Олардың қатарында үнем заңы, мағынаның құбылуы, сондай-ақ мағынаның кеңеюі мен тарылуы сияқты үдерістер ерекше орын алады. Аталған факторлар заттанған жаңа тілдік бірліктердің пайда болуына негіз болады;

– Заттанған тілдік бірліктер тек табиғи мәтіндерде ғана емес, жасанды мәтіндерде де белсенді қолданыс табады. Мұндай қолданыс ойды ықшам әрі нақты жеткізуге жағдай жасап, мәтіннің коммуникативтік тиімділігін күшейтеді;

– Сын есімдер, етістіктер және сан есімдердің заттануы нәтижесінде пайда болған бірліктер семантикалық ерекшеліктеріне қарай мағыналық модельдерге жіктелді. Бұл модельдер заттанған сөздердің номинациялық қызметін, мағыналық құрылымын және қолданыс аясын жүйелі түрде сипаттауға негіз болады.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы. Зерттеудің нәтижелері мен пайымдаулары қазақ тіл біліміндегі когнитивтік, функционалдық бағыттағы зерттеулердің ғылыми-теориялық негіздерін нақтылай түсуге үлес қосады. Диссертацияның негізгі материалдары мен теориялық тұжырымдарын жоғары оқу орындарында қазіргі қазақ тілінің «Семантика», «Сөзжасам» салаларын оқытуда, сөзжасам мәселелеріне арналған арнаулы курстарды жүргізуде пайдалануға болады.

Диссертацияның талқылануы мен жариялануы. Зерттеудің негізгі мазмұны мен бағыттары бойынша халықаралық конференцияларда «М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат-Түрік» сөздігіндегі есімшелердің заттануы», «Абай өлеңдеріндегі окказионал субстантиваттар» тақырыптарында баяндамалар жасалып, басты тұжырымы ғылыми жинақтар мен журналдарда 15 мақалада көрініс тапты. Атап айтқанда, ҚР ҒЖБМ БҒСБК ұсынған басылымдарда 5 мақала, Scopus деректер қорына кіретін ғылыми басылымдарда 2 мақала, халықаралық ғылыми конференция материалдарында 8 мақала жарық көрді.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.